КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 8 маусым №4360-23-00-2/999 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Абдраимованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Марлен» - Елдар Қанатұлы Марлен

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Г. Пркауов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (тапсырыс беруші) мен жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылғы 13 сәуірде №138 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 3.1-тармақтарына және 1, 2-қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 5 175 002,70 теңгеге Хари Поттер көркем әдибет 630 дана баспа өнімін тауарын келісім шарт қазынашылық органына тіркелгенен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде жүргізуге міндеттенген.

Шарт қазынашылық органда 2023 жылдың 13 сәуірдегі тіркеліп, күшіне енген, яғни жоғары аталған тауардың жеткізу уақыты - 2023 жылдың 12 мамыр.

Алайда жауапкер тапсырыс берушіге қол хат жолдап, онда көркем әдебиет тауарын жеткізіп бере алмайтындығын және Шартты бұзуды білдірген, сондықтан талап қоюшы сотқа жүгініп жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қою уәждерін қолдап, талапты қанағаттандандыруды сұрады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер сотқа жазбаша пікірін ұсынбады және сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктеріне сәйкес,сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Талап қоюшының талабы жоғарыда көрсетілген Шартымен, Шарттың №1,№2 қосымшаларымен, талап қоюшы өкілінің түсінігімен, іс құжаттарымен және жауапкердің Шарт орындаудан бас тарту туралы қол хатымен расталады.

Сондықтан сот талап заңды әрі негізді болғандықтан қанағаттандырылуға жатады деп тапты.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Талап қоюшы 2023 жылғы 12 мамырда талап қоюымен сотқа жүгінген.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Марлен» - Елдар Қанатұлы Марлен мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 11.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 13.07.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер жеке кәсіпкер «Марлен» - Елдар Қанатұлы Марленнен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 11.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 13.07.2023

4360-23-3-1/1091